

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**24-29 қаңтар аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының  
ТАЛДАМАСЫ**

29 қаңтар

Апталық жоспарға сәйкес 24-29 қаңтар аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Абайтану, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндері бойынша оқушылардың жұмыс дәптерлері тексеріліп, дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалуы бойынша ұсынымдар айтылды.
5. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жалғастырылып, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақыланды. 29 қаңтар қазақ тілі пәнінен сынама емтихан (эссе жазу) алынды.
6. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы жалғастырылды. Апта бойы математика, физика, информатика, химия, биология, география пәндерінен 7-8-сынып оқушылары юниор олимпиадасына дайындалды.
7. Қалалық пәндер олимпиадасына дайындық жалғастырылды және оқушылардың дайындығы қадағаланды.
8. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., «Абайтану» республикалық олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жалғастырды.
9. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды. Қаңтардың 26-28 күндері БОЖ директордың орынбасары Кусайнова С.З. ағылшын тілі пәні мұғалімі Н.Ж. Сабиеваның 9 «Б» сыныбында өткізген жеке және топтық жұмысы бойынша «Travelling to English Speaking Countries», қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Б. Муратовтың 10 «А» сыныбында өткізген «Журналистика негіздері», математика пәні мұғалімі А.Б.Шалабаева 10 «В» сыныбында өткізген «Тригонометриялық әлемі», қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж. Онгарбайдың 7«А» сыныбында өткізген «Шешендік сөз өнері», ағылшын тілі пәні мұғалімі Р.З. Кожамбетованың 7«А» сыныбында өткізген «Grammar structures and their usage» элективтік курс сабақтарына қатысты. Келесі ескертулер жасалынды: Сабиева Н.Ж. мен Муратов М.Б. курс сабақтарының тақырыптары жылдық КТП және ә/күнделікке сәйкес болуы, курс сабағының жоспарын ұсынуды.

10. «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысы негізінде пәндер және ОГК секциялары бойынша 2022-2023 оқу жылының зерттеу жұмыстарының тізімдері құрастырылды. Химия, биология пәндерінің «Биоэколог» секциясында: жоба -10, оқушы -11; МИФ пәндері «Жас жігер» секциясында жоба -14, оқушы -16; Тілдер, әдебиет, тарих, құқық, география пәндері «Жас қырандар» секциясында жоба -23, оқушы -24. Жалпы ғылыми жобалармен айналысып жүрген оқушы саны -51, жоба саны -47

11. Қаңтардың 27 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., «Абайтану» облыстық олимпиадада қазылар алқасы міндетін атқарды.

12. Қаңтардың 28 күні бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З мектептің жас мамандарына «Пәндік олимпиадаларға дайындық және оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мектептік ғылыми қоғамы шеңберінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру жөнінде және пәндік олимпиадаларға дайындау барысындағы ұстанымдар бойынша бағыт-бағдар берілді.

13. Пән мұғалімдерінің «Кемеңгер», «Жалын» шығармашылық топтарының жоспары негізінде 27 қаңтар күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Онгарбай Ж. 10 «А» сыныбында «Көкшетау» поэмасындағы кейіпкерлер бейнесі» тақырыбында шебер-сынып, физика пәнінің мұғалімі Сатынсин Д.Т. 8 «Б» сыныбында «Тізбек бөлігі үшін Ом заңы. Резисторлар» тақырыбында ашық сабақ және жас мамандар Аманболдин Б.Ж., Шарипов А.Б. 10- сыныптар арасында «IG – Doda» атты зияткерлік сайыс өткізді.

Барлық өткізілген іс-шаралар мектептің сайтына және инстаграм желісіне жарияланды.

Оспаинова Ш.С. оқу ісінің орынбасары  
Кусаинова С.З. бейінді оқыту жөніндегі орынбасары